



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ЖАСТАР ІСІ КОМИТЕТІ



«ЖАСТАР» ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ
ОРТАЛЫҒЫ»

Мемлекеттік рәміздер – патриоттық тәрбиенің бастауы

Әдістемелік құралы

АСТАНА
2013

УДК 373
ББК 74.90
М 19

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Жастар ісі комитетінің тапсырысы бойынша*

М 19 Мемлекеттік рәміздер – патриоттық тәрбиенің бастауы: Әдістемелік құрал /
Редакциялық алқа мүшелері: К.М. Хамчиев, Ж.Қ. Боқанова, Ж.К. Кәрімова, Г.Т. Илясова –
Астана: «Шикула және К» ЖШС, 2013. – 40 б. – қазақ тілінде.

ISBN 978-601-7507-11-4

Әдістемелік құрал «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығымен» даярланған.

Бұл әдістемелік құралда Қазақстан Республикасы мемлекеттік рәміздерінің қалыптасу тарихы мен мәнін зерттеу негізінде жалпы білім беретін мекемелердің жоғары сыныбында оқитын оқушыларда патриотизмді дамытуға және нығайтуға бағытталған тәрбиелеу жұмыстарының ғылыми-педагогикалық негіздері, үлгілері мен әдістері қарстырылған. Әдістемелік құрал «Иманды ұл, инабатты қыз – елдің көркі» жобасының шеңберінде отбасылық тәрбие бойынша әдістемелік құралдарды әзірлеу бойынша 13 жастағы жасөспірімдер мен 18 жасқа дейінгі жастарға бағытталған.

ISBN 978-601-7507-11-4

УДК 373
ББК 74.90



*Өзіңдікі – Елің де,
Өзіңдікі – Жерің де.
Өзіңді өзің еткен бақ –
Тәуелсіздік төріңде.
Асқар тау да – сенікі,
Бақша-бау да – сенікі.
Қалтқысыз дос пенен,
Қатал жау да – сенікі.
Өзіңдікі – туың да,
От пен ауа, суың да.
Жаса, Қазақстаным,
Белді бекем буын да!*

Иранбек Оразбаев

КІРІСПЕ

«Мемлекеттік рәміздер – еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігін нашар ететін нышандар. Бұл рәміздер біздің мемлекетіміздің өткені, бүгінгі және болашағы арасындағы сабақтастықтың жарқын бейнесі».

Н.Ә. Назарбаев

Мемлекеттік рәміздер – кез келген мемлекеттің сәйкестігі мен егеменділігін сипаттайтын ажырамайтын атрибуттарының бірі. Мемлекеттік рәміздерге елтаңба, әнұран және туға құрметті қалыптастыру қазіргі қазақ қоғамының өмірлік әрекетін құратын, ұлттық патриотизмді тәрбиелеудің, жоғары азаматтық жауапкершіліктің және қоғамның рухани бірлігін нығайтудағы аспектілердің бірі. [1].

Қазақстан Республикасында Мемлекеттік ту, Мемлекеттік Елтаңба, Мемлекеттік әнұран мемлекеттік рәміздер болып табылады. Өз Отанының мемлекеттік рәміздерін білу азаматтық пен патриотизмнің негізі болып табылады. Ел Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев атап өткендей, «Мемлекеттік рәміздер – біздің мемлекетіміздің, біздің егемендігіміздің мызғымайтын негізі. Олар Тәуелсіздіктің қасиетті біріктіретін үлгісін сипаттайды».

Саналы азаматтық позиция ретінде мемлекеттік рәміздерге деген құрмет Отанға деген сүйіспеншілік және оның қызығушылықтарына артықшылық берудің негізі ретінде қызмет етеді.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтаңбасы, туы Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымымен тіркелген, сонымен қатар Қазақстан Республикасының зияткерлік меншігі болып табылады.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік рәміздер туралы» Конституциялық заң, Қазақстан Республикасының Азаматтық және Қылмыстық кодекстері және басқасы мемлекеттік рәміздерді насихаттау мен қолдану саласын реттейтін заңнамалық актілерге жатады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 9 бабында: «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері – Туы, Елтаңбасы және Гимні бар. Олардың сипаттамасы және ресми пайдаланылу тәртібі конституциялық заңмен белгіленеді» деп жазылған.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» Жарлығы (07.01.2006 жылдағы өзгерістермен және толықтырулармен) 14 баптан тұратын 5 тараудан құралған.

Қазақстан Республикасының азаматтары, сонымен қатар республика аумағындағы тұлғалар мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге міндетті (3 бап).

Мемлекеттік рәміздерді қорлаған тұлғалар заңнамаға сәйкес жауапкершілікке тартылады.

Мемлекеттік ту мен Мемлекеттік елтаңбаны орнату орында заңмен белгіленген. Ту орнатылатын жағдайлар және ресми рәсімдер заңда арнайы көрсетілген. Көбіне мемлекеттік елтаңба мемлекеттік ту орнатылатын жағдайда орнатылады. Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен Мемлекеттік елтаңбаның бейнесін көрсетудің басқа жағдайлары да белгіленеді. [2].

Мемлекеттік ту мен Мемлекеттік елтаңбаның эталондары Қазақстан Республикасы Президентінің Резиденциясында сақталған.

Қазақстан – жас егеменді мемлекет. Елдің мемлекеттік рәміздерінің қабылданғанына да көп уақыт өткен жоқ. Сондықтан оларды дұрыс пайдалану және қалың бұқара арасында насихаттау бағытында шетелдік тәжірибе жүгінуге болады. Біз үшін ондаған және жүздеген жылдар бойы мемлекеттік рәміздерді пайдаланатын елдердің мемлекеттік нышандарының дәстүрі аса маңызды. [1].

Халықаралық тәжірибенің талдамасы патриотизмді қалыптастыру кез келген мемлекет үшін және барлық уақытта маңызды және бірінші кезектегі міндетке айналғанын көрсетеді.

Азаматтарында патриоттық сезім қарқынды дамыған гүлденген мемлекеттер аз емес, онда ұлттық рәміздерге Туға, Елтаңбаға, Әнұранға, ұлттық мейрамдарға құрметтілік қалыптасқан.

Көптеген елдерде мемлекеттік рәміздердің қолданылуы мемлекеттің оң үлгісін қалыптастырудың көзі ретінде қызмет етеді. Олар ұлттық мақтаныштың негізіне, патриоттық сезімдер мен еркіндікті білдіру қосымшасының объектілеріне айналады.

Әрбір мемлекет мемлекеттік рәміздерді қолдану мен насихаттауда бірегей тәжірибемен ерекшеленеді.

Ондай мемлекеттердің қатарына бірінші кезекте АҚШ жатқызу қажет, мемлекеттік рәміздерді насихаттау және халықта патриотизмді тәрбиелеу көзқарасы бойынша олардың тәжірибесі қызықты болып табылады.

Американдықтардың көбі әнұранды біледі және салтанатты шараларда орындайды. Барлық мекемелерде және тіпті жеке үйлерде америкалық тудың болуы қалыпты жағдайға айналған. Ұлттық рәміздерден жасалған бұйымдар АҚШ халқының үлкен сұранысына ие. Бұл оның баспа және электронды



БАҚ, кітаптарда, көркем фильмдерде белсенді насихатталуымен түсіндіріледі. Мемлекеттік рәміздер арқылы азаматарда үшін мақтаныш біртіндеп және тұрақты дамиды. [3].



Италия Республикасының тәжірибесі де қызықты, себебі мемлекеттің негізгі нышанының дәрежесіне тағы бір түсінік «Елдің президенті» енгізілді. Сондықтан Италия Республикасының мемлекеттік рәміздері ту, әнұран және мемлекет басшысы болып табылады. [4].

Өзінің үйінің қасында жеке ту тұғыры бар кез келген Швецияның азаматы еш мәжбүрлеусіз күн атқан кезде туды көтереді, батқан кезде түсіреді. Бұл мемлекетте ту күні бар. [5]. **Бельгияда, мәселен, әнұранға Брюссельде** орнатылған ескерткіш арналған. [6]. **Жапонияда** оқушылардың оқу күні ұлттық туды көтеруден және әнұранды орындаудан басталады [7].



Түркияда мектептердегі оқу аптасы музыканың сүйемелдеуімен мектеп ауасында туды көтеруден және түрік әнұранын орындаудан басталады (дүйсенді) және аяқталады (сәйкесінше жұма) [8].

Қытайда күн сайын елдің орталық алаңында мемлекеттік туды көтеру мен түсіру кезінде тұрғындардың көбі жиналады.

Ресейде де мемлекеттік рәміздерге көп көңіл бөлінеді. Бұл мемлекет мемлекеттік нышандарды, рәміздерді және геральдиканы қолдану мен насихаттаудың елеулі тәжірибесі бар. Мәселен, бұл туралы бас мемлекеттік герольдмейстердің болуы куәландырады. Бұл қызмет Ресей Федерациясы президентінің жанындағы Геральдикалық кеңестің төрағасына тапсырылған. Оның қызметіне: геральдикалық белгілер талдамасын өткізу, кеңестер, геральдика саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыратын Кеңес жұмысын ұйымдастыру кіреді. Ресейдің мемлекеттік рәміздер мен геральдикаға ерекше мән беретіні Стрельня қаласында (Санкт-Петербург қаласының маңайы) геральдика мұражайының болуы, сонымен қатар 22 тамызда атап өтілетін ресей туының күні тойланатыны куәландырады. [10].

Кейбір мемлекеттерде мемлекеттік рәміздерді қолданудың заңды рәсімделген ерекшеліктері бар.

Осылайша Италияда мемлекеттік әнұран орындалған соң, Еуропалық одақтың әнұраны қосылады.

Ирландияда әннің қайырмасы ғана әнұран болып саналады.

Бельгияда мемлекеттік азаматтық ту бар, мемлекеттік үкіметтік ту сияқты.



Литвада әнұранның мәтінін ағылшынға, поляк, орыс, латыш, норвегиялық және басқа тілдердегі бірнеше аудармасы бар.

Латвияда елтаңбаның үш түрі ерекшеленеді: үлкен, аз кеңейтілген және шағын. Үлкен елтаңба Президентпен, Парламентпен, Премьер-министрмен, министрлер кабинетімен, министерстволармен, Жоғары сотпен, Бас прокуратурамен, сонымен қатар Латвияның дипломатиялық және консулдық өкілдіктерімен қолданылады. Аз кеңейтілген елтаңба парламент және министрлер кабинетінің комитеттері мен комиссияларымен, сонымен қатар аталмыш билік органдарының тікелей басқаруындағы мекемелермен қолданылады. Шағын елтаңба – басқа үкіметтік мекемелермен, жергілікті өзін-өзі басқарудың муниципалды органдарымен, сонымен қатар ресми құжаттарда білім беру мекемелерімен қолданылады.

АҚШ мемлекеттің қандай да бір әрекетімен келіспейтін болсаң, онда туды жағып жіберуге рұқсат етіледі. Бұл наразылықтың рұқсат етілетін үлгісінің бірі секілді. Ал әлемнің көптеген елдерінде аталмыш әрекеттер мемлекет тарапынан тоқтатылады.

Осылайша мемлекеттік рәміздерді қолданудың әлемдік тәжірибесі мемлекеттік рәміздерге деген құрмет ондаған және жүздеген жылдар бойы тәрбиеленгенін көрсетеді. Дей тұрғанымен әрбір елдің мемлекеттік рәміздерді қолданудың, пайдаланудың және насихаттаудың өзіндік дәстүрлері бар, олардың кейбірін Қазақстанда да ендіруге болады.

Жас ұрпақты тәрбиелеу барысында мемлекеттік рәміздерді зерделеу және насихаттау олардың бойында патриоттық сананы қалыптастыруға септесетін маңызды бөлшектердің бірі болып табылады. Қазақстандық жастар мемлекеттік рәміздерді оқу арқылы өз Отандарының тарихына үңіледі. Себебі Қазақстанның және оның нышандарының тарихында жас ұрпақты Отанға және оның ресми рәміздеріне деген патриоттық, құрмет және сүйіспеншілік рухында тәрбиелейтін қазақ халқының ғасырлық дәстүрлері мен мәдениеті көрініс табады.

Жоғарыда аталғандардың барлығы аталмыш әдістемелік құралдың маңыздылығын, мақсатын және міндеттерін анықтайды.

Мақсат – Қазақстан Республикасы мемлекеттік рәміздерінің қалыптасу тарихы мен мәнін зерттеу негізінде жалпы білім беретін мекемелердегі жоғары сыныптың оқушыларында (13-18 жас) патриоттық тәрбиені дамыту .

Міндеттер:

- Қазақстан Республикасы Мемлекеттік елтаңбасының, Мемлекеттік туының бейнесін және Мемлекеттік әнұранының мағынасын ашып көрсету;
- Қазақстан Республикасы мемлекеттік нышандарын қалыптастырудың және қолданудың құқықтық негіздерін оқыту;
- оқушыларда азаматтылыққа, өз Отанының тағдырына ортақтастық және ол үшін жауапкершілік сезімдеріне негізделген құндылықтар жүйесін қалыптастыру;
- мемлекеттік рәміздерді қолдану мен насихаттауда шетелдік мемлекеттердің тәжірибесін талдау.

I тарау.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ МӘНІ

1992 жылдың 4 маусымында егеменді Қазақстан Республикасының жаңа мемлекеттік рәміздері қабылданды, бір күннен кейін 1992 жылдың 6 маусымында Абай атындағы Алматы опера және балет театрында мемлекеттік рәміздердің ресми таныстырылымының салтанаты өтті.

Қоғамдық бірегей феномен ретінде мемлекеттік рәміздердің терең тарихи тамырлары бар және ол қазақстандық қоғамның дамуымен тығыз байланысты екені белгілі. Мемлекеттік рәміздердің қалыптасуына жүздеген, мыңдаған жылдар жұмсалған.

Ежелгі заманнан бері ту біріктіру, өзінің қарсыласынды үрейлендіру, нақты мемлекеттік қалыптасудың сәйкестендіруінің қызметін атқарды.

Ең көне ту шамамен б.з.д 3000 жылдарға жатады және 1972 жылы Иранның аумағында табылды. Ол металдан жасалған, көлемі 23*23 сантиметрді құрайды, бүркіттің, екі арыстанның, әйел құдайдың, үш нәзік жан мен бұқаның суреті бар.

Қазақстанды біздің дәуірлерімізге дейінгі ғасырларда VIII-III ғасырларда қоныстанған сақ-сармат тайпаларының өзіндік туы бар.

Көшпенділер – ғұндардың (прототүріктер) ақ жалаулары болған. Қазіргі түркі тілдес халықтардың, соның ішінде қазақтардың ата бабалары саналатын түріктерде (VI-VIII ғғ.) көк, жасыл, сары және басқа түсті өздерінің тулары болған. Қимақ пен қыпшақ мемлекеттік бірлестіктерінің (IX-XII ғғ.) нышандарында сабақтастық сақталған.

Шыңғысханның жалауы үшбұрышты ақ мата түрінде жасалған, онда ұлы қолбасшы руының тотемі аңшылық сұңқар бейнеленген.

Қазақстан 600 жыл бойы Шыңғысханның билігінде (1224-1824 жж.) болғанын ескерсек, онда Алтын Орданың, Ақ Орданың және қазақ хандары мен сұлтандарының жалауы ақ түсті екені кездейсоқ емес. Мәселен, әлі күнге дейін Абылайдың ах жалауы халықтың жадында сақталған (XVIII ғасыр).

«Ту» деген сөздің шығу тегі ежелден басталады, б.з.д VI ғасырдан бастап әдебиет пен мәдениет ескерткіштерінде, халық эпостарында аталады. Ежелгі түрік сөздіктерінде «байрақ» сөзі «жауынгерлік жалауды» білдіреді.

Тудың басты анықтайтын элементі – бұл оның түсі болып табылады. Түсі – атрибуттың негізі. Әлемдегі мемлекеттердің көптеген туларында



эмблема мен белгілер түріндегі қосымша бейнелер салынбайды. Бірақ нышандарда қолданылатын әрбір түстің өзіндік мәні бар, оның негізінде осы немесе олардың өзге халыққа, мемлекетке тиесілігін анықтайтын маңызды түсініктер бар.

Қазақстан Ресейге қосылғаннан кейін басқарудың жаңа мемлекеттік-әкімшілік жүйесі орнатылып, бұл өз кезегінде нышанның дамуына елеулі әсер етеді. Империяның бір бөлігі ретінде Қазақстанның аумағында Ресей мемлекетінің мемлекеттік нышаны пайдаланылды.



Қазақ КСР туы

Келесі кезең ҚСРО құрылуымен тығыз байланысты. Қазақ Автономдық Кеңес республикасы РКФСР мемлекеттік нышандарын қолданған болатын. 1936 және 1978 жылдардағы Конституциялар Қазақ КСР туы, елтаңбасы мен әнұраны туралы ережелерді бекітті.

Ту үш көлденең жолақты ең түрінде жасалған: жоғарғысы және төменгісі қызыл түсті, ал ортасындағы көкшіл келген. Жоғарғы тұсында орақ пен балға, олардың үстінде бес бұрышты жұлдыз бейнеленген.

1991 жылдың 16 желтоқсанында Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесімен «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң қабылданды. Қазақстан тұңғыш рет әлемдік қауымдас­тық мойындаған тәуелсіз мемлекеттің заңды түрде рәсімделген мәртебесін иеленді. Бұл тарихи оқиға, қазақ халқының бірнеше ұрпағының армандары мен үміттерінің орындалу нәтижесі.

Тәуелсіз даму тарихының аз уақыты ішінде біздің еліміз қоғамның әр түрлі өмір салаларында ірі реформаларды жүзеге асыратын заманауи, бәсекеге қабілетті мемлекетке айналды. Осы уақыт ішінде экономиканың нарықтық қарым-қатынасқа өтуі, елдің ядролықсыз мәртебесі, астананы ауыстыру, Стратегия-2030 қабылдануы, Ұлттық қордың қалыптасуы жөнінде қабылданған шешімдер және басқасы өзінің тарихи дәлдігін және тиімділігін дәлелдеді.

Бүгінде Қазақстан Орталық Азиядағы қауіпсіздікті нығайтудың маңызды құрастырушысы ретінде көрсетіп отыр. Елдің ЕҚЫҰ табысты түрде төрағалық етуі, Астаналық саммит, ИКҰ, ШЫҰ төрағалық етуі және Қазақстанның қабылдаған көптеген өзге бастамалары халықаралық аренадағы ел мәртебесінің сөзсіз көрсеткіші болып табылады.

Тәуелсіз мемлекет атанған Қазақстан аздаған уақыт ішінде мемлекеттіліктің барлық қажетті атрибуттарын құрды. Мемлекеттің рәміздері

Мемлекеттік ту, мемлекеттік елтаңба, Мемлекеттік әнұран және мемлекеттік марапаттар бекітілген болатын (1992 ж.).

Бұл олардың ел тәуелсіздігі мен егемендігінің рәміздері болып табылуымен байланысты. Қазақстанның Мемлекеттік елтаңбасы мен Мемлекеттік туына біздің елдің ондай құқығы Дүниежүзілік зияткерлік меншім ұйымымен тіркелген. Қабылданған халықаралық нормаларға сәйкес енді бұл құқық Париждік конвенцияға қосылған 130 мемлекетте қорғалатын болады.

Конституциялық заң қазақ ұлтының өзін-өзі билеуге құқығын растай отырып, республикадағы мемлекеттік биліктің жалғыз көзі ретінде «Қазақстанның біртұтас халқын» мойындады. Оны қазақ ұлтымен қатар тарихи тағдырдың ортақтығымен, бір үмітпен және күйініштермен онымен бірігетін республикадағы барлық барлық ұлттардың азаматтары құрайды.

Қазақстан аталмыш Конституциялық заңды қабылдағаннан кейін әлемдік қоғамдастықтың толық мүшесі ретінде әлемнің көптеген мемлекеттері мойындады, ынтымақтастықтың барлық қажетті халықаралық-құқықтық тетіктері жасалды. Республика аймақтық және жаһандық сипаттағы мәселелерді шешуге қатысу барысында дауыс құқығын иеленді. Қазақстан 1992 жылдың 2 наурызында Біріккен Ұлттар Ұйымына (БҰҰ) толық құқықты мүше ретінде қабылданды. Елдің аспан түстес көк жалауы Біріккен Ұлттар Ұйымының ту тұғырнамасында желбіреуде.

Мемлекеттік тудың нобайын жасау байқауында 600 астам жоба қатысты. Алдын ала іріктеуден кейін Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің талқылауына барынша қызықты төрт жоба шығарылды. Заңнамашылар Шәкен Ниязбеков ұсынған ең үздік жобаны іріктеп алды.

Орта Азияны басқарушы Темірдің (1366-1405) жалауының түсі аспан тектес көк болғанын атап өту қажет. Түріктердің (552-743 жж.), хазарлардың (651-983 гг.) және селжүктердің (1040-1157) жалауы да сол түсті болған.

Барлық әлемде мойындалғани мемлекеттіліктің маңызды нышаны елтаңба болып табылады.

«Елтаңба» термині «ербо» немістің сөзінен шыққан. Оны аударсақ, «танба» (тамга) түсінігі қалыптасады. Бұл термин бірінші рет Түрік Қағанатында қолдана басталған (551-630 жж.).



Шыңғысханның кезеңіндегі тамга

Махмұд Қашқаридің (ХІ ғасыр) атақты «Түрік тілдерінің сөздігінде» бұл терминге басқарушыны ерекшелендіретін белгі деген түсінік берілген. [1].

Ортаазиялық ғалым Рашид-ад-Диннің (ХІІІ-ХІV ғғ.) атақты жазбаларында Ираннан Алтайға дейінгі жерлерінің өзінің ұлдарына тартақна түрік билеушісі Оғызхан туралы мәліметтер бар. Сонымен қатар оларға ханның тамғасын берген.

Қазақтар, сонымен қатар олардың түркі тілдес ата-бабалары да Еуразияның кең байтағында рулық және тайпалық тамғамен қолданған. Тамғаның әр түрлі геометриялық пішіндері болған.

Тамғалар қолтаңбаның орнына елтаңба, мөр түрінде қолданылған. Олардың суреттері тастағы суреттерде және жазба мен өнердің өзге ежелгі ескерткіштерінде жиі кездеседі. Тамға тайпаға, руға, отбасыға, тұлғаға тиесілі жекеменшік белгісі ретінде қызмет етті. Тамғалармен жануарларды таңбалайтын. Бұл дәстүр әлі күнге дейін ауылдық жерлердегі қазақтарда сақталып келеді.

Қазақстанда басқарудың жаңа жүйесі ретке келтірілген 1867-1868 жылдардағы, сонымен қатар 1886-1891 жылдардағы әкімшілік-аумақтық реформалардың нәтижесінде ХІХ ғасырда қалалық және облыстық елтаңбалар пайда болды. Ресей империясының құрамына енген Қазақстанның барлық облыстары мен қалаларына бірңығай үлгідегі елтаңбалар тапсырылды. Ресей империясы заңдарының толық жинағында Қазақстанның облыстары мен бірқатар қалаларындағы (16 уездік және округтік қалалар) елтаңбалардың үлгілері көрсетіледі. Қазақстанда тұңғыш рет ресми түрде 1842 жылдың 7 қыркүйегінде қабылданған Петропавл қаласының елтаңбасы бекітілді.



Қазақ КСР елтаңбасы

Кеңестік билік жылдары елтаңбалардың сәйкестендірілуі орын алды. Қазақ КСР ортақ елтаңбасы басқа мемлекеттік рәміздермен бір уақытта бекітілді (1936, 1978 жж.). Қызыл түстім елтаңбада орақ пен балға, сәуле, жиектері масақ түрінде бейнеленген және қазақ пен орыс тілдерінде «Барлық елдердің пролетарлары бірігіңдер!» деген жазбалары бар. Елтаңбаның жоғарғы тұсында бес бұрышты жұлдыз, ал оның төменгі жағында «КССР» мен «ҚССР» орналасқан.

Қазақстан Республикасының елтаңбасы 1992 жылы қабылданды. Ол екі атақты сәулетші Жандарбек Мәлібеков

пен Шот-Аман Уәлиханов тынымсыз еңбегінің, шығармашылық іздесінің нәтижесі болып табылады.

Әлеуметтік-саяси шоғырлану және этномәдени сәйкестендіру міндеттерін дыбыстық нышандар да жүзеге асырады. «Әнұран» деген терминнің өзі (гректің «gimneo» – ән айту, мадақтау, мақтау сөзінен шыққан) салтанатты әнді білдіреді. Алайда кез келген халықтың тарихында тарихтың белгілі бір уақытында әнұранға айналған әндер де бар.

Ондай ән қазақ халқында да бар. Оған XVIII ғасырдағы атақты батыр, ақын-сазгер Қожаберген жыраумен 1723 жылы жоңғарлардың шабуылы кезінде ауыртпалықтарды басынан кешірген қазақ халқына арналған «Елімай» әнін жатқызуға болады. [11].

Қазақстанның Ресей империясының құрамына енген барлық кезеңінің ішінде қазақтарда ортақ әнұран атымен болмаған. Қазақтарды жауынгерлік ерлікке және ұлттық-азаттық көтерілістерге рухтандырған ақындар мен жыраулардың жекелеген әндері орындалды.

Қазақстан XX ғасырдың 20-30 жылдары РКФСР, кейін КСРО әнұранын пайдаланып келді. Ал Қазақ КСР әнұраны 1944-1945 жылдары жазылған еді.

1992 жылы Қазақстан Республикасы әнұранының музыкасы мен мәтініне байқау жарияланды. Жалпы іріктеу комиссиямен 750 астам жоба қабылданған еді. Байқауда төрт әйгілі ақын Мұзафар Әлімбаев, Қадыр Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиев және жас ақын Жадыра Дәрібаева жеңді. Алғашқы әнұранның музыкасының авторлары Мұқан Төлебаев, Евгений Брусиловский және Латиф Хамиди болып табылады.

2006 жылы жаңа мемлекеттік әнұран қабылданды. Әнұранның сөздері Жүмекен Нәжімеденовпен және Нұрсұлтан Назарбаевпен, ал музыкасы Шәмші Қалдаяқовпен жазылған.

Өміршең тағдыры өткен ғасырда елуінші жылдардың ортасында басталған, халық арасында кең танымал *«Менің Қазақстаным»* патриоттық әні жаңа әнұранның негізіне айналды. Оның алғашқы орындаушысы қазақтың аңызға айналған әншісі Жамал Омарова болып табылады. Оның күміс көмей даусы арқасында ән ұлттық әнұран мәртебесін иеленді.

Бір жағынан мемлекеттік рәміздер жас егеменді мемлекетті бейнелесе, екіншіден сабақтастық пен тарихи дәстүрлер туралы куәландырады. Сондықтан қазақстандық өскелең ұрпақтың бойында әрбір азамат үшін қасиетті сааналатын өз елінің нышандарына деген шынайы құрметті және ерекше көзқарасты қалыптастыру маңызды міндетке айналған. Онда жоғары адами құндылықтар, республикадағы көп этникалық халықтың үздік дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары туралы түсініктер үйлесімді түрде көрсетілген.

Мемлекеттік рәміздерді еш бүкпесіз құрметтеу үшін алдымен олар туралы жөнді ұғымдар мен түсініктер қалыптасуы қажет екені белгілі. Әсіресе өскелең ұрпаққа бұл аса маңызды. Тарихты білу және мемлекеттік рәміз-

дердің мәні халық, мемлекет туралы тарихи танымды кеңейтеді және олардың азаматтық кемелденуін көтереді. [1].

Елдің тәуелсіздігі мен өзіндік ерекшелігі ойларының бір көрінісі ретінде саналатын мемлекеттік рәміздер рухани, саяси-адамгершілік салаларының дамуына септеседі және ұлттың нышанына, тірегіне айналады.

Тұлғаның рухани дамуынсыз, сенімнің биік мұратынсыз, ақиқатқа, мейірімділікке, сұлулыққа қызмет етусіз және олардың күнделікті өмірде көрініс таппаса, халықтың тарихи тамырлары мен дәстүрлеріне құрметсіз, Отанға деген махаббат бойға дарымаса азаматтың қалыптасуы екіталай.

Отанның сезімі – бұл бірліктің сезімі, ал ұлттың бірлігі – бұл елдің мемлекеттік рәміздеріне деген құрмет болып табылады.

Елдің бейнесі және онымен үзілмес байланыстың өзіндік сезімі бойға туғаннан дарымайды. Олар тетіктер мен институттар, алдымен білім беру мен мәдениет және елдің мемлекеттік рәміздерін дәріптеу арқылы мемлекет, қоғам тарапынан ерекше күш-жігермен қалыптастырылады.

Мемлекеттік рәміздердің алатын мәні үлкен, себебі олар арқылы әлемдік қауымдастық жалпы ел туралы пікір түйеді, халықта патриоттық сезімдер тәрбиеленеді, ұлттық өзіндік ерекшелігі және дүниетанымдық бағдарлар нығайтылады.

Мемлекеттік рәміздер саяси мәдениеттің бір бөлігіне айналған және азаматтық сананың қалыптасуына септеседі.

Егеменді Қазақстанның рәміздері тәуелсіз мемлекеттің идеологиясының, оның тарихи дамуының, ойлауының және философиясының негізгі бағыттарын толық күйінде сипаттайды.

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік рәміздерінің авторлары қолданыстағы әлемдік тәжірибеден ең озық үлгілерін алуға тырысқан. Нышандар біздің мемлекетімізде қайталанбас атмосфераны және әлемдік деңгейдегі қазақстандық қоғамның үлгісін қалыптастыруы аса маңызды болып табылады. Бұл жайында Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев үнемі айтты: *«Мемлекеттік рәміздер барлық уақытта және барлық халықта мемлекеттіліктің және тәуелсіздіктің кең әрі шоғырландырылған бейнесі болып табылады. Бізде маңғаз, саяси бай елтаңба, ту және әнұран бар».*

Аталмыш ұстанымды орнықтыру жолында мемлекеттік атрибуттардың зерделенуі маңызды болып табылады. Ресми нышандар адам санасында мемлекеттіліктің және тиісті құндылықтар бағытындағы ойларды қалыптастыруға әрдайым әсер етті ірң әсер етеді.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» Конституциялық Заң 2007 жылдың 4 маусымында қабылданған. Аталмыш Заңға сәйкес жыл сайын 4 маусым Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік рәміздер күні ретінде атап өтіледі.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы (сурет ҚР ТК 988-2007 сәйкес)



Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы – ортасында шұғылалы күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген тік бұрышты көгілдір түсті мата. Тудың сабының тұсында тік жолақ түрінде ұлттық өрнек нақышталған. Күн, оның шұғыласы, қыран және ұлттық өрнек бейнесі алтын түстес. Тудың ені мен ұзындығының арақатынасы – 1:2.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік туының авторы белгілі суретші Шәкен Ниязбеков болып табылады.

Біздің Мемлекеттік тудың негізгі нышандық белгісі ретінде түстің тандалуы кездейсоқ емес. Аспандай көк түс кемпірқосақтың қайталанбас бояуын құрайтын жеті түстердің бірі саналады. Бұл біздің республикамызда тұратын барлық ұлт өкілдеріне түсінікті екені сөзсіз. Мемлекеттік тудың бір түсті матасында елдің біртұтас мемлекеттілігінің идеясы көрінеді.

Көшпендінің өзіндік «аспандай көк түсті әлемі» оның дүниетанымында, ұлттық мінезінде терең із қалдырғаны сөзсіз. «Көк» сөзінің шығу тарихы ежелден басталады, оның алғашқы мағынасы да сақталған. Бұл аспанға, көкке табынумен байланысты. Елімізде көк түс ерекше сұранысқа ие. Ол өте қолайлы, жұбатады және тыныштандырады. Көк түс әл-ауқат сезімін тудырады. Ол тұрақтылықтың және ойға берілудің, адалдықтың, сенімділіктің және ар-намыстың бір көрінісіне ұқсайтындай. Ол туды жердің және адамдардың үстіндегі аспанның шексіздігін білдіреді, сонымен қатар ортақ әл-ауқаттың, тыныштықтың, бейбітшілік пен бірліктің нышаны болып табылады.

Күннің, дала қыранының бейнесі және ұлттық өрнек – Мемлекеттік тудың маңызды құрастырушы элементтері. Матаның ортасында барлық жер жүзін жарықтандыратын Күн бейнеленген. Ол барлық халық үшін және Жердегі өмірдің қасиеттісі саналады. Геральдистердің ойынша, күннің бейнесі байлық пен молшылықты білдіреді. Күн – өмірдің көзі, сондықтар барлық тірі жанға берілетін уақыттың шегіне айналуы мүмкін.

Мемлекеттік тудың қыранның бейнесі. Бұл бейне әдетте биліктің, қарағылық пен мәрттіктің символы ретінде қабылданады. Біздің Отанымыздың

туында қыранның бейнесі түбегейлі тың көркемдік шешім тапқан, аспанда еркін қалықтайтын бейбіт сипаты бар. Ол мәңгі аспан шырағын қорғайтын-сияқты. Қыранның бейнесі қазақтардың дүниетанымында ерекше орын алады. Қазақ пен оның ұрпақтары үшін әлемде қыранға тең келетін құс жоқ.

Мемлекеттік тудың сабының тұсына тігінен ұзына бойына кескінделген ұлттық өрнектер орналасқан. Қазақтардың сәндік-қолданбалы өнерінде ою-өрнек өнердің ежелгі түрі болып табылады. Оның әр түрлі сарындары сақтардың ежелгі заманына тамыр жаяды. Ою-өрнек – бұл дәуірдің өзіндік бір қолтаңбасы сияқты. Мемлекеттік Туды көркемдеу үшін оның авторы, суретші Шәкен Ниязбеков қазақтардың дәстүрлі қолданбалы өнерін қамтитын арнайы ою-өрнектерді әзірледі.

Тудағы ою-өрнек бастапқыда қызыл түсті болғанын және ресми түрде алғашқы көтерілген туда қызыл ою-өрнек салынғанын куәландыратынын атап өту қажет. Қызыл түс Қазақстандағы мақтаныштарының бірі қызыл бәйшешектерді білдіретін еді. Бірақ көп ұзамай ол алтын түске ауыстырылды.

Қазақ ою-өрнектерінің көп ғасырлық дамуының нәтижесінде қалыптасқан және қоршаған ортаны қабылдаудың нышандарына, таңбаларына, белгілерге айналып, халықтың тарихы мен мәдениеті туралы біздің түсініктерді байытады.

Шәкен Оңласынұлы Мемлекеттік туды әзірлеудегі өзінің жұмысы туралы: *«Алдымен мен әлемдегі барлық мемлекеттердің жалауларын қарап шықтым. Менің басты мақсатым аталмыш нышанда қазақ халқының барлық жетістіктерін көрсету еді. Екіншіден, тудың түсі мен үлгісін анықтау қажет еді. Тудың түсінікті, ұғынықты қабылдануы соңғы шарттардың біріне айналды.*

Оған жарты жыл уақытым жұмсалды. Көптеген әдебиеттерді оқып шықтым. Қашан да ой үстінде жүретін едім. Түптің түбінде тудың бейнесі көзіме елестеп, бүгінде ол Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышанына айналып отыр».



Шәкен Ниязбеков – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік туының авторы, Қазақстанға еңбегі сіңген өнер қайраткері.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы
(сурет ҚР ТК 989-2008 сәйкес)



Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы дөңгелек пішінді келеді және көк түс аясындағы шаңырақ (киіз үйдің жоғарғы күмбез тәрізді бөлігі) бейнесі ретінде ұсынылған, одан күн сәулесі секілді тараған уықтар шаншылған. Шаңырақтың оң жағы мен сол жағына аңыздардағы қанатты пырақтар бейнесі орналастырылған. Жоғарғы бөлігінде – көлемді бес бұрышты жұлдыз, ал төменгі бөлігінде «Қазақстан» деген жазу бар. Жұлдыздың, шаңырақтың, уықтардың, аңыздардағы қанатты пырақтардың бейнесі, сондай-ақ «Қазақстан» деген жазу – алтын түстес.

Киіз үйдің басты бөлігі, күмбездің негізі шаңырақ – Мемлекеттік елтаңбаның негізі болып табылады. Қазақтар үшін шаңырақ ортақ қоныстың, туған Отанның белгісі. Мемлекеттік елтаңбадағы шаңырақ бейнесі Қазақстан оны қоныстанған барлық халықтар үшін ортақ мекен екенін білдіреді. Шаңырақ халық арасында аса құрметтеледі, ол ежелгі ата-бабаларда ғарыштық дүниетанымның символы сияқты.

Авторлар киіз үйдің қозғалмалы тор негізді керегені бейнелеудің жолын тапты. Шаңырақтың крест тәрізді үш қабатты күлдіреуіштері оның беріктігін қамтамасыз ететін үз жүздің бірлігін білдіреді.

Елтаңбаның шеткі тұстарында қанатты тұлпарлардың, яғни пырақтардың бастары салынған. Көптеген мәдениеттерде пырақтар қасиетті жануар саналады. Бұл оның мемлекеттілік атрибутикасының елеулі бөлшегі ретінде белгілі ойды тасымалдаушының рөлін атқарумен байланысты. Қанаттар халықтың қуатты және гүлденген мемлекет құру туралы тілегін аңғартады. Осылайша бірінші қарағанда көзге ерекше көрінетін пырақ типологиялық үлгі болып саналады, оның терең тарихи тамыры бар.

Мемлекеттік туды екі мифологиялық тұлпар бейнеленген, олар автордың ойынша, шаңырақты екі жақтан қорғайды. Отанды көздің қарашығындай аялау және оған абыроймен қызмет ету мифтік тұлпарлардың бейнелеріне бекітілген басты лейтмотивтардың бірі саналады.

Елтаңбада қолданылған негізгі түс – алтынның түсі. Бұл – байлықтың, әділдіктің және кеңпейілділіктің символы.

Мемлекеттік елтаңбада жұлдыздың бейнеленуі қазақстандықтардың әлемнің барлық халықтарымен ынтымақтастық пен серіктестік орнатуға ниетті ел болуға деген талпынысын танытады. Қазақстан тұрғындарының жүрегі мен құшағы бес құрлықтың өкілдері үшін қашанда ашық.

Мемлекеттің атауы да өзінен өзі оның лингвистикалық, этномәдени, нышандық белгісі болып табылады. Оның да жаңа тарихтағы саяси мәні бар, әдетте елдің Конституциясымен анықталады.



Қазақстан Республикасы Мемлекеттік елтаңбасының авторлары белгілі сәулетшілер Жандарбек Мәлібеков пен Шот-Аман Уәлиханов болып табылды.

Қостанай облысының бұрынғы әкімі С.Кулагин Қазақстан туының және елтаңбасының авторлары Шәкен Ниязбековке, Шот-Аман Уәлихановқа, Жандарбек Мәлібековке


ке лайықты «Жыл патриоты» естелік белгілерін табыстауда [9].

Мәлібеков Жандарбек Мәлібекұлы – Өзбекстанның еңбек сіңірген сәулетшісі. 1942 жылдың 24 наурызында Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы Екпінді ауылында дүниеге келген. Өзбекстан өнеркәсіптік ғылыми-зерттеу институтында (ӨзӨҒЗИ) қала тұрғызу шеберханасының жетекшісі, жобалардың бас сәулетші болған.

Шот-Аман Уәлиханов – Қазақстан Республикасы мемлекеттік елтаңбасының авторы, атақты қазақстандық мүсінші, Қазақстанға еңбек сіңірген сәулетші, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты (1990), Республикалық тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамының төрағасы. 1932 жылдың 26 сәуірінде Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Сырымбет ауылында дүниеге келген. Алматыдағы «Тәуелсіздік» монументі авторлары шығармашылық тобының жетекшісі болып табылады.

Егеменді Қазақстанның бүгінгі елтаңбасы Жандарбек Мәлібеков пен Шот-Аман Уәлихановтың тынымсыз еңбегі мен шығармашылық ізденістерінің нәтижесі саналады. Бұл байқауда жеңіске жету оңайға соқпады.

Сынның ақтық кезеңінің өзінде 245 жоба және болашақ тудың 67 сипаттамасы қатысқанын айтсақ жеткілікті.



Мемлекеттік елтаңба авторларының бірі Жандарбек Мәлібеков: *«Біздің Қазақстан сондай бай саналатын жабайы жануарлардың, құстардың бейнесін немесе сенімділік пен тыныштықтың символы ретінде қалқанды Елтаңбада салуға болушы еді. Бірақ мен бейбітшілікті, халықтардың достығын көрсетуге тырыстым. Балалық шақтағы естеліктердің рөлі үлкен. Мен біздің ауылдың тұрғындары ен далада бір-біріне киіз үй орнатуға көмектескеніне жиі куә болдым. Олар жұмыла киіз үйдің жоғары күмбез тәрізді бөлігі шаңырақты аспанмен астасқан биікке көтерген кезде мен үшін бұл атамекеннің, ал кең мағынада Жер жүзі секілді әлемнің ең үздік нышанына айналды. Меніңше, бұл оқиғаға мен өмір бойы жетуге тырыстым».*

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұраны

Әнін жазған: Шәмші Қалдаяқов

Сөзін жазғандар: Жұмекен Нәжімеденов, Нұрсұлтан Назарбаев

Алтын күн аспаны,
Алтын дән даласы,
Ерліктің дастаны,
Еліме қарашы!

Ежелден ер деген,
Даңқымыз шықты ғой.
Намысын бермеген,
Қазағым мықты ғой!

Қайырмасы:

Менің елім, менің елім,
Гүлің болып егілемін,
Жырың болып төгілемін, елім!
Туған жерім менің - Қазақстаным!

Ұрпаққа жол ашқан,
Кең байтақ жерім бар.
Бірлігі жарасқан,
Тәуелсіз елім бар.

Қарсы алған уақытты,
Мәңгілік досындай,
Біздің ел бақытты,
Біздің ел осындай!

Қайырмасы:

Менің елім, менің елім,
Гүлің болып егілемін,
Жырың болып төгілемін, елім!
Туған жерім менің - Қазақстаным!



1. Ал - тын күн ас - па - ны, Ал - тын дән да - ла -
2. Ұр - пақ - қа жол аш - қан, Кең бай - тақ же - рім -



сы, Ер - лік - тің да - ста - ны, Е - лі - ме қа - - ра -
бар. Бір - лі - гі жа - рас - қан, Тә - уел - сіз е - - лім -



шы! Е - жел - ден ер - - де - ген, Даң - қы - мыз шық - ты
бар. Қар - сы ал - ған уа - қыт - ты, Мәң - гі - лік до - сын -



ғой, На - мы - сын бер - - ме - ген, Қа - за - ғым мық - - ты ғой!
дай. Біз - дің ел ба - - қыт - ты, Біз - дің ел о - - сын - дай!

CHORUS



Ме - нің е - лім, ме - - нің е - лім, Гү - лің бо - лып



е - - гі - ле - мін, Жы - рың бо - лып тө - гі - ле мін, е - лім!



Ту - ған же - рім ме - нің — Қа - зақ - с - та - ным!

Қазақстанда 1996 жылдан 2006 жылға дейін Қазақ КСР әнұранының музыкасы және еліміздің тәуелсіздік алуына орай қазақстандық ақындардың тобымен жазылған сөздер қолданылған ән әнұран ретінде пайдаланылды.

Әнұранның сөздері халық үшін қасиетті және жақын болуы тиіс. Нышан сөзді, серт сөзді құрастыру үшін тарихи шынайлық, сонымен қатар данышпандық пен көрегенділік сезімі талап етіледі. 1956 жылдың өзінде тың игеру кезінде жазылған «Менің Қазақстаным» әні дәл осындай нышан әнге айналған. Бұл әнді барлығы біледі және өзінің рухани жағынан да бәріне жақын болып табылады. Мемлекеттік әнұран – бұл рухани жалау. Ол біздің ежелгі және тамаша жерімізде ізгілік, бейбітшілік пен келісім үшін достық пен бірлікке үндейді.

Әнді мемлекеттік әнұранның мәртебесіне сәйкестендіретін өзгерістер енгізілген «Менің Қазақстаным» 2006 жылдың 7 қаңтарында Қазақстан Республикасының әнұранына айналды.



Әнұран музыкасының авторы – сазгер Шәмші Қалдаяқов

Мәтінге түзетулер Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың тарапынан енгізілгендіктен, ол мәтіннің бірлескен авторы ретінде көрсетіледі. Мемлекеттік әнұран бірінші рет Мемлекет басшысының салтанатты ұлықтау рәсімінде 2006 жылдың 11 қаңтарында орындалды.

Шәмші Қалдаяқұлы Қалдаяқов – сазгер, қолданыстағы Қазақстан әнұранының авторы. 1930 жылдың 15 тамызында Оңтүстік Қазақстан облысының Қызылқұм ауданында дүниеге келді. 1956 – 1962 жж. Алма-Аты консерваториясында оқыды. Ш. Қалдаяқов – халық арасында кең танымал

жастардың өмірі туралы көптеген лирикалық әндердің авторы: «Ақ бантик», «Ана туралы жыр», «Өмір-өзен», «Арыс жағасында», «Алғашқы махаббат», «Қуаныш вальсі», «Сыр сұлуы» және тағы басқалары. Сазгердің шығармашылық қорында 300 астам ән бар.

Халық арасында Шәмші Қалдаяқовты «қазақ вальсінің патшасы» деп атайды.

Қазақстан әнұраны сөздерінің авторы – *Жүмекен Нәжімеденов* және *Нұрсұлтан Назарбаев* болып табылады.



Ақын Жүмекен Нәжімеденов 1935 жылдың 28 қарашасында Гурьев (Атырау) облысы, Теңіз (қазір Құрманғазы) ауданындағы Ашақ деген жерде дүниеге келген.

Каспийдің маңындағы құмдарда орын тепкен шағын елді мекен қазақ әдебиетінің тарихындағы ең атақты ақындарының бірінің атамекеніне айналды. Француздарда «Барлық ұлы суретшілер аудандарда дүниеге келсе, ал Парижде дүниеден өтеді» деген мақал бар.

Кемеңгердің дүниеге келу құпиясы қашан да тамсандыратынын ақиқат. Жүмекен Нәжімеденов отбасындағы жалғыз ер бала, фин соғысында шайқасып, 1941 жылы майдан даласында із-түссіз жоғалып кеткен оның әкесі Сабыр да ата-анасының жалғызы еді.

Жүмекеннің өзінде төрт қыз және Мағжан Жұмабаевтың құрметіне орай құғын-сүргінге ұшыраған ақынның есімін ауызға алу үлкен қиындықтарға ұшыратуы мүмкін кезеңде Мағжан деп атаған жалғыз ұлы болған. Оның шығармаларының шүбәсіз құндылықтары туралы сарапшылар мен ақындар, ғалымдар мен қатардағы оқырмандар айтып отыр. Сондықтан оның кітаптарын замандастар мен болашақ ұрпақ оқуы тиіс.



Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – Қазақстан Республикасының Президенті, «Елбасы» атағын иеленуші. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік әнұраны сөзінің авторы.

Кітаптардың авторы: «Қазақстан жолы», «Қазақстанның құрыш келбеті», «Оңсыз және солсыз», «Қорды сақтау және нарыққа өту Стратегиясы», «Кремлёвский тулик», «Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы», «Нарық және әлеуметтік-экономикалық даму», «Ғасырлар тоғысында», «Тарих толқынында», «Бейбітшілік кіндігі» және тағы басқалары.

Елдің тәуелсіздігі мен өзіндік ерекшеліктері ойын жүзеге асырудың жолы іспетті мемлекеттік рәміздер рухани,

идеялас-адамгершілік салаларының дамуына септеседі және ұлттың нышаны, тірегі ретінде қызмет етеді.

Мемлекеттік атрибуттардың әрқайсысы бірегей туынды болып табылады. Олар мәдениеттің әр түрлі топтары ретінде ұсынылған, бірақ өзінің алуан түрлілігінде бірыңғай болып табылады. Оларды құрылуына байланысты ортақ негіздер және олар қызмет ететін ортақ ой біріктіреді.

Геральдикалық ережелер бойынша үш қағиданы атап өтуге болады. Алғашқы ереже – тарихи ереже немесе уақыттар байланысын сақтаудың ережесі. Екінші – қазіргі заманның ережелері немесе бүгінгі дәлге, қазақстандық қоғамның өзіндік жағдайының үлгісіне сәйкес ережесі. Үшінші – басымдық немесе өркениет рухы өнерінің құралдарымен білдіру, болашаққа талпыну ережесі. Ал олар бірге қызмет ететін ортақ ой – бұл мемлекеттілік егемендіктің идеясы болып табылады.

Отанға деген сезім – бұл бірліктің сезімі, ал ұлттың бірлігі – бұл патриотизм, елдің мемлекеттік рәміздеріне деген құрмет болып табылады.

Елдің үлгісі және онымен үзілмес байланыс туғаннан дарымайды. Олар тетіктер мен институттар, алдымен білім беру мәдениет және елдің мемлекеттік рәміздерін насихаттау арқылы мемлекет, қоғам тарапынан ерекше күш-жігермен қалыптасады. Егеменді Қазақстанның нышаны тәуелсіз мемлекет идеологиясының, оның тарихи дамуының, ойлау мен философиясының негізгі бағыттарын толық күйде сипаттайды.

БҰЛ МАҢЫЗДЫ!

1. «Ту», «Елтаңба», «Әнұран» сөздеріне аталмыш күйінде ғана қолданылуы тиіс. Синонимдерді қолдануға болмайды.
2. Мемлекеттік әнұран туралы әңгіме қозғалғанда «сөздің авторлары», «музыканың авторлары» деп толық жазу қажет.
3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін орналастырудың ережелеріне сәйкес олар бірдей және бір тәртіпте орналастыруы тиіс: Ту, Елтаңба және Әнұран.

ӨЗІН-ӨЗІ БАҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. *Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін атаңыз.*
2. *Қазақстанның мемлекеттік нышанының қалыптасу кезеңдері туралы әңгімелеңіз.*
3. *Тудың атқаратын қызметі қандай?*
4. *Тамға дегеніміз не?*
5. *Шетелдік елдерде мемлекеттік рәміздерді қолданудың қандай ерекшеліктерін білесіз?*
6. *Шыңғысханның жалауын сипаттаңыз.*
7. *Қазақстан Республикасы Мемлекеттік туының авторы кім?*
8. *Мемлекеттік тудазғы көк түс нені білдіреді?*
9. *Қазақстан Республикасының мемлекеттік туын сипаттаңыз.*
10. *Қазақстан Республикасы мемлекеттік елтаңбасының авторлары?*
11. *Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасын сипаттаңыз, құрастырушы элементтердің мәні туралы әңгімелеп беріңіз.*
12. *Мемлекеттік елтаңбаның негізі не болып табылады?*
13. *Қазақстан Республикасы Мемлекеттік әнұранының авторлары кім?*
14. *Қазақстан Республикасы Мемлекеттік әнұраны музыкасының авторлары?*
15. *Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұраны бірінші рет қашан орындалды?*
16. *Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұранын жатқа оқыңыз.*

II тарау.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРІН ОҚЫТУ – ЖАСТАРҒА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ НЕГІЗІ

Патриот болу – Қазақстанды өз жүрегіңде тұту!»

«Қазақ халқы жиырманшы ғасырдың бүкіл өнбойында өзге халықтар түсінде көрсе шошып оянардай қасіретті оқиғаларды бастан кешірді. Мен өз халқымның көнбеске көніп, шыдамасқа шыдай алатын қайратына таң қаламын».

Н.Ә. Назарбаев

Аталмыш тарауда жоғары сынып оқушыларына патриоттық тәрбие берудің көп факторлы үлгілері ұсынылған. Сонымен қатар ұстаздың 13-18 жастағы оқушыларды патриоттық тәрбиелеу мәселелері бойынша негізгі әдістемелер жан-жақты көрсетілген, бұл өз кезегінде азаматтылық пен патриотизмді қалыптастыруда оқыту-тәрбиелеу әрекетінің педагогикалық тұтастығын қамтамасыз етуге септеседі.

Патриотизм – бұл азаматты сипаттайтын басты қасиеттердің бірі. Қазақстандық қоғамда патриотизм өз Отаныңа, өз халқыңа адалдық және махаббат, азаматтылық және қоғамның игілігіне қызмет ету деген түсінік бар. Патриотизм жалпы және азаматтардың өзіндік ұлттық сана сезімінің ажырамайтын бөлігі ретінде қоғамның рухани-адамгершілік негіздерін жаңғыртуға қызмет ете алады және қызмет етуі тиіс.

Патриоттық тәрбие – бүгінгі жастармен жұмыстың басым бағыттарының бірі. Патриоттық тәрбиенің жүйесі Қазақстандық жас буынның бойында белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастыруды қамтамасыз етеді, олардың жалпы мемлекеттік мәселелерді шешуге атсалысуға әзірленуге, елдің жалпы ұлттық мүдделеріне сәйкес әдеттер мен дағдыларды дарытуға септеседі.

Жастардың рухани мен мәдени деңгейін арттыру, мемлекетті және оның қорғаныс қабілетін нығайту, ішкі саяси, әлеуметтік және экономикалық тұрақтылыққа қол жеткізу, қылмыс деңгейінің едәуір төмендеуі, қоғамда толерантты ортаны қалыптастыру патриоттық тәрбиелеу жүйесінің қорытынды нәтижесіне айналуы тиіс.

Қазіргі қазақстандық қоғам өмірінің, патриотизмді тәрбиелеудің, жоғары азаматтық жауапкершілік пен қоғамның рухани бірлігін нығайтудың құрастырушы аспектілердің бірі мемлекеттік рәміздер елтаңба, әнұран және туға деген құрметтілікті қалыптастыру болып табылады.

Мемлекеттік рәміздер ел тәуелсіздігі мен өзіндік ерекшеліктері идеяларының көрінісі ретінде рухани, саяси-адамгершілік салаларының дамуына

септеседі және ұлттың тірегі іспетті қызмет етеді. Отанға деген сезім – бұл бірліктің сезімі, ал ұлттың бірлігі – бұл патриотизм, елдің мемлекеттік рәміздеріне деген құрмет болып табылады.



Қазақстандық заңдар мемлекеттік нышандарға деген барынша құрмет көрсету деңгейімен ерекшеленеді.

Мәселен, ғимараттарға тұрақты түрде орнатылатын ту қас қарая түн батқан кезде міндетті түрде жарықтандырылуы тиіс. Ал ұлттық азалы күндер жарияланғанда тутұғынамасы биіктігінің жартысына дейін түсірілуі қажет. Сонымен қатар туды әзірлейтіндер қолданатын көк және сары түстердің реңктері де ережеде қатаң түрде бекітілген. Жалау элементтерінің мөлшері мен оның матадағы орналасуына қатысты да тиісті нұсқаулар беріледі. Жоғарыда атап өтілген жайттар елтаңбаны да айналып өтпейді.

Заңда ұйымдарды ту, елтаңба бейнеленген, әнұран жазылған стендтер мен плакаттарды шаруашылық-тұрмыстық бөлмелерден, дәліздерден, және киім ілгіштерден алшақ жерде орнатуға міндеттейтін норма бар, бұл жағдайларда да мемлекеттік рәміздерге деген құрмет ескерілуі тиіс.

Заманауи жалпы білім беретін мекеме өскелең ұрпақты тәрбиелеудің маңызды қоғамдық институты болып табылады. Білім беруде басымдық тәлім-тәрбиеге беріледі, ол өз кезегінде педагогикалық қызметтің негізгі жасаушысына айналуы шарт.

Патриоттық тәрбие жас буынды белсенді өмірлік әрекеттің білім азаматтық парыз ұстанымымен, жеке мүдде қоғаммен біріктірілетін түріне әзірлеуге тиіс.

Патриот-азаматтың тұлғасы өз бетінше ойлану, болашақ үшін жауапкершілікті мойнына алуға әзірлік, маңызды рухани мен адамгершілік қа-

сиеттерімен, азаматтық парыз сезімімен, дінге деген еріктілікпен, Отанға, туған өлкеге, тілге, өз халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына, туған-туысқандарға сүйіспешілік сезімін білдірумен, оның тарихы мен халықтың жетістіктері үшін Отанды мақтан тұтуымен, ұлттық құндылықтар мен рәміздерді қастерлеумен, елдің Конституциясына, мемлекеттің құқықтық негіздеріне деген құрметпен сипатталады.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев мемлекеттік жастар саясатының тиімділігін арттыру жолында жағдай жасауды жүктеді: *«XXI ғасыр белсенді өмірге аяқ басқан және әлемнің, елдің және өзінің отбасы үшін жауапкершілікті мойнына алатын жастардың уақытына айналуы тиіс».*

Патриоттық тәрбие жүйесін дамыту жастар саясатының басты мақсаттарының бірі болып табылады, оның негізінде төмендегі жайттар қарастырылады:

- барлық үлгідегі және түрдегі білім беру мекемелерінде тәрбиелеу әрі оқыту барысында әлеуметтік маңызы бар құндылықтардың, азаматтылық пен патриотизмнің қалыптасуы, и дамуы және оның жастармен игерілуі;

- атқарушы билік органдарымен, қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдармен ұйымдастырылатын және жүзеге асырылатын жаппай патриоттық жұмыс;

- патриоттық тәрбиелеудің мәселелсін көтеруге, талқылауға, азамат және Отан қорғаушы тұлғасын қалыптастыру мен дамытуға бағытталған бұқаралық ақпарат құралдарының, ғылыми және өзге ұйымдардың, шығармашылық одақтардың қызметі.

Жүйе патриоттық тәрбие міндеттерін шешуде барлық деңгейдегі мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, ғылыми мен білім беру мекемелерінің, ардагерлер, жастар және өзге қоғамдық пен діни ұйымдардың, шығармашылық одақтардың бірлескен қызметін қарастырады.

Патриоттық тәрбиені нұсқаулар және ерікті-мәжбүрлі ойындармен жүзеге асыру мүмкін емес. Тарих, әдебиет, қазақ тілі және әдебиет сабақтарында, сыныптан тыс шараларда түрлі тәсілдер мен әдістемелер арқылы мемлекеттік рәміздерді насихаттау және дәріптеу бойынша формалды емес мақсатты бағытталған тәрбие жұмысын қолға алу қажет.

13-18 жастағы оқушыларға азаматтық-патриоттық тәрбие беру мақсатында және олардың білім көкжиектерін кеңейту үшін Қазақстан Республикасының тарихын, мемлекеттік рәміздерін білуге тақырыптық сұрақ-жауап сайысын өткізуге болады.

Сұрақтар:

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері (*Ту, елтаңба, әнұран*)
2. Сақ патшайымының есімі (*Томирис*)
3. Мемлекеттік елтаңбадағы шаңырақ пен тұлпарлар нені білдіреді? (*Шаңырақ – бұл ошақ, мемлекеттің, отбасының түп негізінің нышаны. Тұлпар – бұл самғау, арман, қашан да үміт артылатын жас буын*)
4. Көшпенді ғұндардағы жалаудың түсі қандай? (*Ақ*)
5. Қандай ән Қазақстан Республикасы Мемлекеттік әнұранының негізіне айналды? («*Менің Қазақстаным*»)
6. Қазақтардың ежелгі рулық белгісі (*Тамга*)
7. Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік рәміздер күні (*4маусым*)
8. Көшпенділердің ежелгі мейрамы (*Наурыз*)
9. Қазақтың үш ұлы биі (*Төле, Әйтеке, Қазыбек*)
10. «Қара сөздердің» авторы (*Абай*)
11. Ақындардың тартысы (*Айтыс*)
12. Ұлттық суырып салма әнші (*Ақын*)
13. Ахмет Яссауи кесенесі орналасқан қала (*Түркістан*)
14. «Абай жолы» эпопеясының авторы (*М.Әуезов*)
15. Қазақстан Республикасының бірінші ұшқыш-ғарышкері. (*Т.Әубакиров*)
16. Қазақ хандығының негізін қалаушылар (*Жәнібек, Керей*)
17. Атақты Тайбұрыл деген тұлпардың қожайыны (*Қобыланды батыр*)
18. Қазақстанда алғашқы әйелдер училищесін ашқан қазақ ағартушы ақын (*Б. Алтынсарин*)
19. Атақты батырлар (*Бөгенбай, Қабанбай, Наурызбай*)
20. Қазақстан Республикасы Конституциясының күні (*30 тамыз*)
21. Қазақстан қандай мемлекеттермен шекараласады? (*Ресей Федерациясы, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан, Қытай Республикалары*)
22. Астанада қандай құрылыс Тәуелсіздіктің нышанына айналған (*Бәйтерек*)
24. Қазақстан халқы бірлігінің мейрамы (*1 мамыр*)
25. XV-XVIII ғасырдың ақындары (*Жырау*)
26. Исатай Таймановтың ең жақын серігі, бүлікші ақын (*Махамбет Өтемісов*)
27. Ұлттық спорттық ойындар (*Бәйге, көкпар*)
28. Қазақстанда VII қысқы Азия ойындары қай жылы өтті? (*2011 ж.*)
29. Мемлекеттік тудың қыранның бейнесі нені білдіреді? (*Биліктің, қырағылықтың, кең пейілділіктің нышаны*)
30. Астанада 2017 жылы әлемдік маңызы бар қандай ауқымды шара өтеді? (*дүниежүзілік EXPO-2017 көрмесі*)

Тәуелсіздің тарихы туралы білімді кеңейту, оқушылардың білімпаздығы, патриотизмді тәрбиелеу, мемлекеттік рәміздерді дәріптеу мақсатында шығармашылық тапсырмаларды өткізу ұсынылады.

«Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік рәміздері» зияткерлік марафоны ұсынылатын тақырып бойынша оқушылардың өздігінен жұмыс істеуінің нәтижесі болып табылады.

Оқушылар шараға дейін бір ай бұрын тапсырманы алады. Кітапхана қызметкерлері мектеп оқушыларымен таныстыру әңгімелерін ұйымдастырып, әдебиетпен жұмыс істеудің тәсілдері туралы баяндайды. «Қазақстан тарихы аясындағы үш нышан» кітап көрмесін ұйымдастырып, онда мемлекеттік рәміздерді, Қазақстан нышандары үлгісін түсіндіру бойынша кітап басылымдары мен кітапшаларды, мерзімді басылымдардан мақалаларды, олардың тарихы мен бүгінгі заманғы материалдарды ұсынуға мүмкіндік бар.

Ұсынылған тапсырмалар оқушыларға Қазақстан тарихы саласында өздерінің білім көкжиектерін көрсетуге жол ашады.

Мемлекет тудың тарихы бойынша тақырыптық сұрақтар.

Тапсырма 1: XVI-XVIII ғасырларда басты қазақтың тулары ақ түсті еді. Қазақтарда ақ түс киеліліктің белгісі саналған. Қазақ руларының әрқайсысында тамғаның суретімен бейнеленген өзінің ақ жалауы болған. Ұлы даланың жалаулары туралы әңгімелеу.

Тапсырма 2: Қазақстандық тудың бірінші рет аталуы туралы әңгімелеу.

Тапсырма 3: Қазақстандық тудың көк түсі туралы әңгімелеу.

Тапсырма 4: Қазақстандық тудағы күн бейнесінің мәні туралы әңгімелеу.

Тапсырма 5: Тудағы қыранның суреті туралы әңгімелеу.

Тапсырма 6: Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін қолдану талаптары туралы әңгімелеу.

Мемлекеттік елтаңбаның тарихы туралы тақырыптық сауалдар.

Тапсырма 1: Түрік тайпалары мен халықтардың ежелгі тайпалық нышан-елтаңбалары туралы әңгімелеу.

Тапсырма 2: Тарихтың қандай кезеңдерінде қазақстандық елтаңбаның бейнесінде өзгерістер орын алғаны жайлы әңгімелеу. Оларды сипаттап беру.

Тапсырма 3: Верный (Алматы), Орал, Семей қалаларының ежелгі елтаңбаларын кім қабылдап, бекіткені туралы әңгімелеу.

Тапсырма 4: Қазақстанның қазіргі елтаңбасы жөнінде әңгімелеу (авторлары, құрылған және қалыптасқан уақыты, нышандық мәні).

Тапсырма 5: Шаңырақ туралы жан-жақты әңгімелеу.

Тапсырма 6: Астананың елтаңбасы туралы әңгімелеу.

Мемлекеттік әнұранның тарихы бойынша тақырыптық сұрақтар.

Тапсырма 1: Қазақстанның алғашқы әнұраны туралы әңгімелеу (атауы, авторлары, шыққан және әнұран ретінде бекітілген уақыты).

Тапсырма 2: Қазақстанның қазіргі ресми әнұранының қалыптасуы туралы әңгімелеу. (атауы, авторлары, тарихи дәуір, оның шығуы кіммен және немен байланысты).

Тапсырма 3: Өзінің рухы мен маңыздылығы бойынша әнұранға ұқсас музыкалық шығармалар жайлы әңгімелеу. («Елім-ай», «Сарыарқа», «Адай»).

Тапсырма 4: Мемлекеттік әнұранды тыңдаудың ережелері төңірегінде әңгімелеу.

Тапсырма 5: Әнұранның авторлары жайлы әңгімелеу.

Тапсырмалар жоғары сынып оқушылары оқыған материалдың мазмұнын әңгімелеумен қатар талқылауға, өзінің пікірін дәлелдеуге жетелейтін бағытта әзірленген. Олар өздерінің білім көкжиектерін ортаға салуы тиіс.

Тәуелсіздік күні қарсаңында аудиториядан тыс заманауи жедел түрінене айналған **флеш-мобтарды** ұйымдастыру ұсынылады.

Флеш-мобтың қатысушылары ұлттық киімдерде және қазақстандық символиканың көк пен сары түсті киім-кешегінде (жалаулар, бөкебей, бас киім) қаланың, кенттің орталық көшелерімен өтеді. Жастар ескерткіш орнатылған орындарда аспанға сары және көк түсті әуе шарларын аспанға ұшырады (шарлардың саны Тәуелсіздіктің жылдығына сәйкес келеді). Бұл қарабайыр шарлар емес, олар ерікті және тәуелсіз болуға талпынатын жастардың жүрегін білдіреді.



Мейрамның әдеби бөлігі Қазақстан Республикасының әнұранын шырқауды және Қазақстан туралы патриоттық өлеңдерді орындауды қамтиды.

Сонымен қатар шараға қатысушылар «Қазақстан, тәуелсіздік күнімен!» мерекелік хатын әзірлеп, онда ниет білдіргендер елге, халыққа және Қазақстан Республикасы Президентіне өз тілектерін жазады.

Осы іспетті шаралар барысында оқушылар өздері тұратын қоғамды танып қана қоймай, сонымен қатар Қазақстан азаматының құқықтары мен міндеттерін сезінеді, оны өздерінің азаматтық қалыптасуын сақтаудың маңызды шарттарын сақтау ретінде түйсінеді.



Жоғары сынып оқушылары мемлекет тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін ауқымды өзгерістер орын алғанын білуі тиіс. Олардың бірі еліміздің жаңа астанасы болып табылады. **Астана** – бұл Қазақстанды жанартудың символы. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің «Еуразия жүрегінде» кітабында: «Бұдан былай және ғасырлар бойы халық үшін тағдырлық маңызды шешімдер елдің орталығында қабылданады. Мұнда біздің Отанымыздың жүрегіне соғады! Осы жерден Қазақстан үшінші мыңжылдық қарсаңында өзінің тарихи тағдырын анықтайды».

Астана Қазақстанның жүрегі болып табылады. Бұл бағытта бас қаламыз да еліміздің барлық аумақтарына жаңа серпіліс беріп, ұлттық рух пен сана-сезімді көтерді.

Мемлекет астанасын ауыстыру туралы мәселе бірінші рет Қазақстан Президентімен 1994 жылдың жазында ҚР Жоғарғы Кеңесінің отырысында қозғалды.

1997 жылдың 20 қазанында Ақмоланы 1997 жылдың 10 желтоқсанынан бастап Қазақстан астанасы ретінде жариялаған Жарлық қабылданды және Ақмоланың Қазақстан Республикасының астанасы ретінде ресми таныстырылымын 1998 жылдың 10 маусымында өткізуді белгіледі. Дәл осы 1998 жылы жаңа астана Астана деген жаңа атауға ие болады.



Бүгінде Астана – жас тәуелсіз мемлекеттің бейнесі, Қазақстан жетістіктерінің көрсеткіштері және қаланың шетелдік меймандарының мойындауынша әлемдегі көз тартатын және абаттандырылған астаналардың біріне айналған.



Астана даму үстінде, тірлігі күйбең және болашаққа қозғалыстың үлкен әлеуетіне ие.

XXI ғасырдағы ЕҚЫҰ бірінші саммиті 2010 жылы дәл осы Астанада өтіп, ЕҚЫҰ барлық мемлекеттері үшін біріктіретін табысқа айналды. Астана саммитіне елдердің 75 ресми официальных делегациялары, оның

ішінде Еуропа, Азия, Солтүстік Америка және Австралия төрт құрлықтан ЕҚЫҰ мүшелері мен серіктестері қатысты. Шаһар 5 000 мейманды, қазақстандық және шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының 1 500 өкілдерін қабылдады. ЕҚЫҰ Бірыңғай және бөлінбейтін Еуроатлантикалық және Еуроазиялық қауіпсіздік қоғамдастығының жаңа кезеңіне айналған Астаналық декларациясы қабылданды. Астаналық саммиттің табыстылығы – бұл тәуелсіз Қазақстанның табысы.

Астана мен Алматы VII қысқы Азияда ойындарын сәтті өткізді (2011 жыл). Қазақстан үшін Азияда табысты аяқталды. Азияда тұңғыш мәрте спорттың 11 түрі бойынша марапттардың 69 жиынтығы ойнатылды. Азияда ойындарының барысында 10 құрлықтық рекорд орнатылды. Қазақстандық құрам 70 медальді, оның ішінде 32 алтынды, 21 күмісті, 17 қоланы олжалап, қысқы Азия ойындарының тарихында жаңа рекорд орнатты.



2008 жылы Астана жаһандық экономикалық мәселелер талқыланған жыл сайынғы Астана экономикалық форумының беделді сұхбат алаңына айналды. 2013 жылы VI форумға әлемдегі 90-нан астам мемлекеттен шамамен 10 мыңға жуық өкілдер қатысты, оның ішінде мемлекет пен үкімет басшылары, атақты саяси және қоғамдық қайраткерлер, халықаралық ұйымдардың жетекшілері, кәсіпкер-корпорациялардың жетекші сарапшылары,

Нобель сыйлығының лауреаттары, сонымен қатар әлемдік бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері бар.

2017 жылы Астанада EXPO-2017 дүниежүзілік көрмесі өтеді. Онда әлемнің 100 жуық мемлекеті мен шамамен 10 халықаралық ұйым қатыса алады. Көрмені 5 миллионнан астам адам аралайды деп күтілуде.

EXPO-2017 тақырыбы «Болашақтың қуаты» - қуатты үнемдеудің үздік әлемдік технологияларын, қолдағы баламалы қуат көздерінің жаңа зерттемелері мен технологияларын тартуға мүмкіндік береді. Астана бұл саладағы үздік әлемдік зерттемелер мен үрдістерді паш етудің тиімді алаңқайына айналуы мүмкін.

Жаңа астана кешегінің бай мұрасы мен бүгіннің озық жетістіктерін үйлестіреді: көненің көзі мен қазіргі кереметтерге жаны жақын жандар үшін көрнекі орын-



дар табылады. «Астана-Бәйтерек» монументі, Президенттің мәдени орталығы, Бейбітшілік пен келісім сарайы, «Астана Опера» оперы және балет театры, Тәуелсіздік сарайы және басқа көптеген мәдени көрнекі орындар.



Бір қызығы, Астананың басты көрнекі орындарының бірі «Атамекен» монументінде орнатылған Қазақстанның мемлекеттік рәмізі, елдегі ең үлкен ту саналады. Көкте желбіреген жалауымыз бас қаланың кез келген жерінен айқын көрінеді. Матаның көлемі 45 шаршы метрді құраса, ал тутұғырнамасының биіктігі 111 метрге жетеді.

Тәуелсіз Қазақстанның символы Астанаға арналған түрлі шараларды өткізу ұсынылады.

Шығарма жазу мен ойтолғау. Шығармалар тақырыбының әртүрлілігі: «Менің тағдырымның қаласы», «Барлық уақыттың астанасы», «Астана – болашаққа бағдар», «Болашаққа ұмтылған қала», «Ел тағдыры –

Астана тағдыры» және т.б. Оқушыларға елдің, астананың тарихы және өзінің тағдыры туралы ойлауға, талқылауға мүмкіндік беретін мұндай шығармалар мақтаныш сезімін, Отанның тағдырына ортақтастық, оның болашағына жауапкершілікті қалыптастыруға септеседі.

«Астананың көшелерімен» виртуалды саяхат. Ұстаз сыныптағы балаларды шағын топтарға бөлінеді (5-6 адам). Бас қаланың әкімшілік орталығындағы көшелердің бірі туралы хабарлама әзірлеу, оларды көрнекі материалдармен қамтамасыз ету (суреттер, журналдар, кәдесыйлар, жарнамалық даңғылдар, аудиокассеталар және т.б.) тапсырмасы беріледі.

Мұндай шығармашылық тапсырма елдің тарихы туралы білімді тереңдетуге, жаңа мағлұматтарға қанығуға, Астана қаласының тарихи-мәдени мұрасы, қаланың тарихы туралы білімді тереңдетуге, жоғары сынып оқушыларының білім және мәдениет деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

«Астана, сен туралы ән!» әдеби кеші. Сыныптағы балалар шағын топтарға бөлінеді (5-6 адам), оның әрқайсысы көркемдік нөмірді әзірлейді (ән, би, Астана туралы өлең). Осылайша оқушылардың эстетикалық талғамы дамып, олардың мәдени мен рухани деңгейі арта түседі және патриоттық тәрбие беруге де септеседі.

Патриоттық тәрбие тұлғаны өзгертеді, себебі ол белгілі бір істерді жасауға жетелейтін ойдың, сезімнің, қажеттіліктердің пайда болуына әкеледі.

Оқушыларға патриоттық тәрбие беру барысында олардың санасын қалыптастырып, тиісті эмоционалды қалыпты оятып, тәжірибелік икемдерді, машықтар мен дағдыларды дарыту қажет.

Жастардың жоғары руханилығы, белсенді азаматтық ұстанымы, патриоттық сана-сезімі еліміздің, Астананың болашағын және оның халықаралық деңгейдегі беделін анықтаудағы деңгейі елеулі.

Аудиториядан тыс шараларда, оқу барысында мемлекеттік рәміздерді мақсатты бағытта және терең зерделеу:

- патриотизм сезімін, Отанға деген сүйіспеншілікті, мемлекеттік рәміздерге деген құрметтілікті қалыптастыруға;

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерінің тарихы бойынша білімді тереңдетуге;

- тарихи дүниетанымның, азаматтық ұстанымның дамуына септеседі.

Астана – Қазақстан Республикасының елордасы

«Осында ежелгі Сарыарқа жерінде тек астана емес, еліміздің болашақ бесігі өмірге келді. Астана тарихы мен қазақстандықтардың тағдыры бір-бірінен ажырағысыз. Елорда біздің республикамыздың күш-қуатының іске асуының, динамикалық дамуының және тұрақтылығының көрінісі. Астана барша қазақстандықтарды біріктіретін және алға қарай қадам басқан жарқын, қуатты, гүлденген қалаға айналды. Біздің елордамыз Отанымыздың жүрегі, халықтың өз күшіне сенімі мен ұлы тағдыр-талайының символы болып табылады. Бүгінде Астанада, Қазақстанның барлық өңіріндегі сияқты, жүзден астам ұлт өкілдері өмір сүреді. Халықтар достығы, өзара түсіністік және ынтымақтастық – Астананы және жаңа Қазақстанды құрудың негізі, міне, осылар».

Н.Ә. Назарбаев



ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстан Республикасы мемлекеттік рәміздерінің үлкен тәрбиелік мәні бар. Әдістемелік құралда біздің республикамыздың мемлекеттік рәміздерінің даму тарихы, мемлекеттік нышандарды зерделеу арқылы патриоттық тәрбие беру жұмысының тәсілдері жан-жақты сипатталған.

Патриоттық тәрбие бойынша отандық және шетелдік тәжірибенің талдамасы аталмыш мақсаттарға келесі міндеттерді шешу арқылы қол жеткізуге болатыны туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді:

- Қазақстандық қоғамда, жастардың сана-сезімдерінде әлеуметтік маңызды патриоттық құндылықтардың, көзқарастар мен сенімдердің, еліміздің мәдени және тарихи кешегісіне, қазақ халқының және еліміздің басқа этностарының ұлттық дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына деген құрметтің нығаюы;
- Жастарды Қазақстан Республикасының Конституциясын құрметтеу, заңдылық пен құқықтық тәртіпте ұстану бағытында тәрбиелеу;
- Қазақстандық жастардың бойына Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері Елтаңба, Ту, Әнұранға және елдің тарихи құндылықтарына терең құрметтеу, қастерлеу және мақтаныш ету сезімдерін дарыту;
- Жастарды көп этникалық және поликонфессионалды Қазақстанның дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын құрметтеуге тәрбиелеу;
- жаппай батыстық мәдениет үлгілерін, зорлық-зомбылыққа, Қазақстанның ұлттық тарихын бұрмалауға негізделген экстремистік идеялардың насихатталуына белсенді түрде тосқауыл қою ;
- 140 астам этностар мен этникалық топтардың өкілдері арасында төзімділіктің қалыптасуы, достық және бауырмалдық қарым-қатынастың дамуы.

Патриоттық тәрбие жоғары сынып оқушысын өмірдегі маңызды рөлдердің бірі азаматтың рөліне әзірлеуге септеседі, ол өз кезегінде азаматтық мінтердің орындалуын көздейді: ел, қоғам, ата-ана алдындағы парыз сезімі ұлттық мақтаныш сезімі, мемлекеттің Ата Заңына, мемлекеттік рәміздерге құрмет, ел тағдыры үшін жауапкершілік, мемлекеттің ұлттық байлықтарына деген ұқыптылық.

Әдістемелік құралда ашық қолжетімділіктегі ғаламтор көздерінен алынған көрнекі материалдарда қолданылған.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Конституционный закон Республики Казахстан от 4 июня 2007 года №258. О государственных символах Республики Казахстан [Электронный ресурс]: Режим доступа: http://www.akorda.kz/ru/official_documents/constitutional_laws/about_state_symbols_of_the_republic_of_kazakhstan
2. Конституционный закон Республики Казахстан от 16. 12. 1991 г. № 1007-ХІІ. О государственной независимости [Электронный ресурс]: Режим доступа: http://www.akorda.kz/ru/official_documents/constitutional_laws/about_state_independence
4. Указ Президента Республики Казахстан «Об использовании государственной символики в РК» // Казахстанская правда. - 1996. - 24 янв.
5. Декларация о Государственном суверенитете Казахской ССР. Принята Верховным Советом Казахской ССР 25 октября 1990 г. [Электронный ресурс]: Режим доступа: <http://www.zakon.kz>
6. Закон Республики Казахстан «О статусе столицы Республики Казахстан» [Электрон. ресурс] / Столица Республики Казахстан, 2011. - 10 января. - Режим доступа: http://www.akorda.kz/ru/kazakhstan/astana/zakon_respwbliki_kazakhstan_o_statwse_stolic_respwbliki
7. Абдрашитова Т.А., Оспанова Я.Н. Передовой опыт по патриотическому воспитанию граждан. – Методическое пособие. - Астана, 2009. - 236 с.
8. Бондаренко К.Н. История государственных символов России: Учебное пособие. - Ставрополь: Изд-во СГУ, 2008. -164 с.
9. Кабульдинов З.Е. Патриотическое воспитание граждан на опыте молодежных организаций. - Учебно-методическое пособие. - Астана, 2011. - 210 с.
10. Казахстан: история успеха глазами мирового сообщества [Текст]: Алматы: Таймас, 2005. - 448 с.: ил.
11. Независимый Казахстан и Лидер нации (Новейшая история Казахстана и историческая роль Первого Президента Н.А. Назарбаева) [Текст]: А., 2010. – 392 с.
12. Мокина А., Ефремова В. Истоки происхождения и история развития казахской государственной символики. Творческие проекты учащихся // /История Казахстана: преподавание в школе. - 2009. - № 1. - С. 34-47.
13. Утепбаев Н. Государственные символы независимой Республики Казахстан // История Казахстана: преподавание в школе. - 2010. - № 10. - С. 30-34.
14. Цыганкова О. Казахстанский путь // Вечерняя Астана. - 2010. - 16 дек. - С. 2
15. Шаймерденов Е.Ш. Символы Независимости Республики Казахстан [Текст]: А., 2005. - 240 с.
16. <http://www.newizv.ru/fotoreport/foto/9873/>
17. <http://ru.wikipedia.org/wiki/>
18. <http://sweden.geography.kz/politicheskoe-ustrojstvo-shvecii-gosudarstvennaya-simvolika-shvecii.html>
19. Гимн Бельгии. <http://www.aboutbelgium.ru/str/32/>
<http://sarykol.kostregion.kz/index.php?>
21. <http://uzayli.ru/tureckiye-shkoly/>
22. <http://kostanayagro.kz/featured/m41esto-vstrechi-kostanaj.html>

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	4
<i>I. тарау</i> Қазақстан Республикасы мемлекеттік рәміздерінің қалыптасу тарихы және мәні.....	9
<i>II. тарау</i> Қазақстан Республикасы мемлекеттік рәміздерін оқыту – жастарға патриоттық тәрбие берудің негізі.....	26
ҚОРЫТЫНДЫ.....	38
ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	39

Басуға 04.12.2013 қол қойылды. Пішімі 60x84¹/₈. Офсеттік басылыс. Қағазы офсеттік. Физ. б. т. 5. Шартты б. т. 10,0. Есеп. б. т. 10,2. Тапсырыс № 261. Таралымы 3000 дана.

Қазақстан Республикасы. «Полиграфсервис» ЖШС.
Алматы қаласы, 050050, Зеленая көшесі, 13а.